

7. Koblova L.P. "Metodika obucheniya diskussii na tret'em kurse yazykovogo vuza" Avtoref. kand. dis. M., 2013.- 17 s.

8. Lvov M.R. "Voprosyi teorii rechevoy deyatel'nosti". Inostr. yaz. v shk., 2015 g.

9. Panova L.S. "Obuchenie inostrannomu yazyiku v shkole". Kiev, 2019.- S.23-25

10. Saharova T.E. "Obuchenie nemetskoj dialogicheskoy rechi studentov mladshih kursov yazykovogo vuza" M., 2015.- 76 s.

11. Ustenkova G.P. "Yazykovyye i rechevyye igryi na uroke nemetskogo yazyika" - Inostrannyiy yazyik v shkole 2019. - #3. – S. 7

12. Fortunatova O.I. "Problemyi obucheniya in. yazyikam" Vladimir, 2012. – S.54

МРНТИ 16.21.61

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.02>

**Момынова Б.Қ.¹*

*¹А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан
филология ғылымдарының докторы, профессор, momynova_b@mail.ru*

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ СӨЗДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ (1913-1918)

Аңдатпа

Мақалада әр лексикалық топта кездесетін дублеттердің көбінің пайда болуы мен қолданысқа енуінің іздерін ХХ ғасыр басындағы «Қазақ» газеті мәтіндерінен, сол тұстағы зиялылардың жазбаларынан табуға болатыны нақты мысалдармен көрсетілді. Сонымен қатар «Қазақ» газетіндегі араб-парсы сөздерінің қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық, фонетикалық дублеттердің, жарыспалы қолданыстардың негізінде жатуы алғышарттарының бірі ретінде осы газетті тануға мүмкіндік береді. Ал ХХ ғасыр басындағы кірме сөздердің басым бөлігінің жазылуы қазіргі қазақ тіліндегі жазылуынан бөлек болды. Сондықтан жазудағы айырмашылықтарды анық байқау үшін келтірілген мысалдарда сол кездің жазу ерекшелігі ішінара сақталды, осылайша тілдік фактілерді салыстыруға мүмкіндік жасалды.

Түйін сөздер: публицистикалық стиль, әліпби, емле, газет тілі, тарихи мұра, кірме сөздер, төл сөздер, әдеби тіл, дублеттер, лексикалық дублеттер, фонетикалық дублеттер, әдеби норма, атаулық тіркестер

**Момынова Б.Қ.¹*

*¹Институт языкознания имени А. Байтұрсынова,
Алматы, Казахстан
доктор филологических наук, профессор, momynova_b@mail.ru*

СПЕЦИФИКА УПОТРЕБЛЕНИЯ СЛОВ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ» (1913-1918)

Аннотация

В статье показано, что истоки большинства дублетов казахского языка можно найти в произведениях интеллигенции начала ХХ века, а также в текстах газеты «Казах». Арабо-персидские слова, использованные в газете «Казах», означают, что они являются одной из предпосылок появления лексических, фонетических дублетов, вариативных употреблений в современном казахском языке. Письменные модели взаимствованных слов начала двадцатого века отличались от письменных моделей современного казахского языка.

Поэтому, чтобы отчетливо увидеть различия в письме, в приведенных примерах частично сохранили модели правописания того времени. Таким образом, предоставлена возможность сравнивать лингвистические факты.

Ключевые слова: публицистический стиль, алфавит, правописание, язык газеты, взаимствованные слова, исконные слова, литературный язык, дублиеты, лексические дублиеты, фонетические дублиеты, литературная норма, номинативные словосочетания

*Momynova B. K.¹

¹A. Baitursynov Institute of linguistics,
Almaty, Kazakhstan
doctor of philology, professor, momynova_b@mail.ru

THE SPECIFICS OF THE USE OF WORDS IN THE NEWSPAPER «KAZAKH» (1913-1918)

Abstract

The article shows that the origins of most doublets of the Kazakh language can be found in the works of the intelligentsia of the early twentieth century, as well as in the texts of the Kazakh newspaper. The Arab-Persian words used in the "Kazakh" newspaper mean that they are one of the prerequisites for the appearance of lexical, phonetic doublets, variable uses in the modern Kazakh language. The written models of reciprocal words of the early twentieth century differed from the written models of the modern Kazakh language. Therefore, in order to clearly see the differences in the writing, in the examples given, the spelling patterns of that time were partially preserved. Thus, there is an opportunity to compare linguistic facts.

Keywords: journalistic style, alphabet, spelling, newspaper language, borrowed words, original words, literary language, doublets, lexical doublets, phonetic doublets, literary norm, nominative phrases

Кіріспе. Біраз уақыт өткенмен, көтерген мәселелері сол кезде ғана емес, бүгінгі күні де өзекті болып отырған белгілі ғалым М.Балақаевтың «Баспасөздің тіл мәдениеті туралы» деген мақаласы 1968 жылы «Тіл мәдениеті және баспасөз» [1] деген ғылыми жинақта жарияланған. Осы мақалада тіл тазалығына, ой дәлдігіне көңіл бөлудің маңызы туралы айта отырып, «Әдеби тілдің жауы - анархия» деп шегелеген ғалым біраз күрделі мәселелерді талқыға ұсынады. Соның бірі мынадай пікір-ұсыныс: «Әдеби тілдің қалыптасқан синонимдік қатарлары тұрғанда, ескірген сөздермен әуестенушілер көбейді, диалектизм, профессионализм, дублет сөздерді қалай болса солай қолдану баяғысындай. Тілде бардың бәрі алтын деген сөз тілдік анархияға есік ашық деген болады. Соңғы кезде кейбір авторлар *айтылмыш, ләкин, һәм, мартаба, бағзы біреу, хақында, рауаяты, қауышқан, тәржима* сияқты жазуларды сән көретін болды. Ондайлар, рас, Октябрь алдындағы әдеби тілде, көбінесе зиялылар, діни әдебиеттер тілінде жиі қолданылатын. Олардың халықтық қасиеті болмағандықтан, кейін қалып қойды да, олардың халықтық нұсқалары әдеби нормаға айналып кетті. Алайда 50-60 жыл өткеннен кейін оларды қайта тірілтетіндей не қажет болғанын білу қиын. Соңғы кезде бұрынғы тұрқы өзгеріліп, әдеби тілде әбден қалыптасып кеткен араб-иран сөздерін бұрынғыларша айту, ескі жазу да етек алып барады. Мысалы, *ғұмыр, уағда, хақиқат, кітап, мағлұм, гүна, мехнат, газан, гимарат*. Осылардың қалыптасқан әдеби нормасы бар: *өмір, уәде, ақиқат, кітап, мәлім, күна, бейнет, азап, имарат*, тағысын тағылар. Қазіргі әдеби тіліміз үшін жоғарғылар керек болса, *ғыбрат, ғұзыр, һатта, нұл, рәуиш, шәһар, үшбулармен* қатар, біздің көз алдымызда бұрынғы тұрқын

өзгертіп қазақ тілінің дыбыс заңы бойынша жымдасып кеткен *мәлім, өмір* сияқты екі мыңдай сөз тұрады. Біз оларды өзгертуге қарсымыз» [1, 7-б.].

Әдістеме. Қазіргі қазақ тілінің және қазақ тіл білімінің дамуын байқататын себептерді анықтау және сөздердің қолданысындағы проблемаларды жүйелеу мақсатында жинақтау, пайымдау, болжам жасау, мағыналық өзгерістерді түсіндіру, яғни интерпретациялау, лингвистикалық тұрғыдан талдау жасау әдістерін қолдану арқылы зерттеу жүргізілді.

Нәтижелер. Қазақстанда латыннегізді жаңа әліпбиге көшу туралы шешімнің саяси, ғылыми және әдістемелік тұрғыдан негізді болуы тілдегі кейбір сөздердің бұрыннан болған дағдылы жазылуы мен қолданысын білу, емле үлгілерінің қалыптасуын көрсету оңтайлы болады. Сондықтан тілдік фактілерге, дәлелдемелерге, емле жүйеленуінің тарихи сипатына көңіл бөлінді. Ал тілдік фактілер нақты жазба мұралардан өзгеріссіз алынды, сол тұстағы жазу ерекшелігі мен оқылуы бүгінгі қазақ тіліндегі айтылуы, жазылумен салыстырылды. Бір ғана атаулық тіркестердің пайда болуы мен жасалу жолдары жазба мұралардағы жай-күйі, мағыналық өзгерістері мен ауысулары белгілі бір деңгейінде ұғынықты, соған қарамастан ең мәнді фонетикалық, лексикалық, грамматикалық белгілері нақтыланды. Мәселеге осылай қарау ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан маңызды.

Талқылау. Жоғарыда айтылғандай, «ескіше» жазудың «сән болып» қайта-қайта бой көрсетуі себебін ілгеріден, «Қазақ» газетінен, яғни ХХ ғасыр басынан, ал тереңдей түсу үшін тіпті одан әрідегі кезеңнен де іздестіруге болады. Ғалым М.Балақаев келтірген *ғыбрат, ғұзыр, нұл, рәуиш, шәһар* сөздері түрлі фонетикалық өзгерістермен бүгінгі таңда тілдегі өмірін жалғастыруда, мысалы: *ғұзыр – құзыр, нұл - бұл, рәуиш-рәуиш, шаһар, ғимарат* т.б. сөздері өміршеңдік танытып отыр. Кейбір сөздердің екі түрлі жазылуы олардың мағыналық айырмашылықтарын тудыруға себеп болғаны сезіледі. Мысалы, *уәде, уағда* сөздерінің екі түрде айтылуы да, жазылуы да қолданыста жүр. Әрқайсысының контексті олардың мәнін ашып отырады. Ал мысалға келтірілген сөздердің кейбірі екі түрлі мағына иеленіп кетті. Мысалы, дублеттердің бір түрі фонетикалық дублет болып, о баста бір мағынаны білдірген *хүкімет – үкімет - өкімет* ұштағанынан *үкімет* қалды да, қолданыла келе ол сөз *өкіметтен* басқа мағынаны білдіруге көшті, ал *хүкімет - үкімет* сөзінің *үкімет* варианты әдебиленді. Ал *шәр – шәһар - шаһар* дублеттерінің ішінен *шаһар* сөзі жиі қолданылады, бірақ әдеби норма ретінде *қала* сөзі орныққан. Осындай дублеттер қалыптасуының белгілі бір алғышарттары болады, көбінесе алғышарт ретінде жазба мұралар жүреді, сондай жазба мұралардың бірі – өзіндік тарихы бар, мәні зор басылым «Қазақ» газеті. 1913-1918 жж. жарық көрген «Қазақ» газеті төте жазу сыналған алғашқы әрі жалпыхалықтық басылым болды. Өйткені бұл газет ДУГ, ТУГ басылымдары сияқты аударма газет емес еді әрі алғашқы жылдары таралымы жақсы болды. Шығарушылары да, бас шығарушысы да қазақ тарихы мен мәдениетінде ерекше орны бар тұлғалар. Газеттің Бас шығарушысы болып бес жыл бойы есімі жазылған А.Байтұрсынұлы тек соңғы нөмірлеріне ғана қол қоймаған. Оның да өзіндік себептері болды. Газет Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, жиі-жиі бас мақала жазған Ә.Бөкейханов т.б. тікелей атсалысуымен жарық көрді. А.Байтұрсынұлы қазақ әліпбиінің реформаторы, усул жадид бағытындағы төте жазуды қазақ өміріне әкелген тұлға [2]. Ал төте жазудың қиындығы да, жақсылығы да байқалған алғашқы кезең – осы газет жарық көрген уақытқа тиесілі.

«Қазақ» газеті – ХХ ғасыр басындағы, онда да 1913-1918 жж. қазақ жазуының сипатын көрсететін тарихи мұра, оның ерекшеліктерге бай куәсі. Сондықтан газетте графикаға, таңбаларға байланысты **фонетикалық ерекшеліктер** А. Байтұрсынұлы ұсынған әліпби таңбаларының қолданысын, алғашқы емле түзу тәжірибесін, жазу үлгілерін көрсететін фактілер ретінде қарастырылады. **Лексикалық және емле ерекшеліктері:** а) төл сөздер және олардың жазылуы; ә) кірме сөздерді топтастыру; кірме сөздер мен олардың жазылуы; б) араб-парсы сөздері мен олардың жазылуы, жазу барысында туындаған қиындықтары; в) өзге түркі тілдерінен енген кірме сөздердің жазылуы; г) орыс тілінен енген

сөздердің жазылуы; д) аудармалар, ерекшеліктері; ж) қанатты сөздер т.б. мәселелер тұрғысынан сөз болуы керек. Ал **грамматикалық ерекшеліктер** қосымшалардың жалғануы, қосымшалардың өнімді-өнімсіз түрлерін көрсету; сөздердің жасалуы, сөздердің тіркесуі және сөйлем түрлері мен кейбір ерекшеліктер тұрғысында қарастырылады. Өйткені, газет - қазақ халқы үшін маңызды жазба мұра. Алдыңғы ғасырлардан біртіндеп қалыптасып келе жатқан әдеби тіл нормаларын, жазу үлгілерін бүгінгі күнмен сабақтастыра отырып зерттеу, әсіресе қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси сөздердің қалыптасуына игі әсері болғанын көрсету - газет тілін зерделеудегі басты бағдар. XX ғасыр басы, 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінде байқалған **лексикалық, емле** ерекшеліктері жоғарыдағы проф. М.Балақаев келтірген сөздердің арасында сабақтастықтың барын байқатады. Профессор М.Балақаевтың «50-60 жыл өткеннен кейін оларды қайта тірілтетіндей не қажет болғанын білу қиын» деген сөзіне жауапты осы газет материалдарынан да іздеген жөн. Өйткені ғалымның мысалға келтіріп отырған сөздерінің көбі «Қазақ» газетінде қолданылған. Ескерту ретінде газеттен алынған мысалдардың кейбір грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері салыстыру мақсатымен сақталғанмен, қазіргі жазумен берілгенін айту керек: **Үкім - хүкім:** 19-ншы статиа өлімге байлаб *хүкім* салынған я салынатын адамдарға өлтіру орнына 20 жыл катржни работа кесілген (Қ., 1913, 1 март, жұма, №4). Газетте *хүкім* сөзі *хкм* деп жазылып, тек дауыссыз дыбыстар тізбесі түрінде беріледі. **Үкімет – хүкімет – өкімет:** *Хүкімет* мұнан былай солармен ақылдасыб іс істейді деген манипес шықды (Қ., 1913, 17 март, сембі, №6). Газеттегі жазылуы: *хкмт* т.б.; **Ұлық - ұлұғ:** *Ұлұғ* тойды жұрт *ұлұғлаб* қуаныш бен өткізді (Қ., 1913, 1 март, жұма, №4); **Дәреже - даража:** ...ағұс манипесінде ақылдасарлық ғана *хүкімет даражасында* беріліб еді (Қ., 1913, 17 март, сембі, №6); **Шәр – шәһар - шаһар:** Астаналы *шәрлер*, астаналы губерналарға кіруге һәм қуылған уалайаттарынан басқа қалаған жерінде тұрмақшы (Қ., 1913, 1 март, жұма, №4); **Және – һәм:** Росиа халқының көңілін толқытатын тағы бір нәрсе – біздің соғыста жолымыз болмау *һәм* оның себебін жоғалту туралы (Қ., 1915ж., сембе, 8 ағұс, №144). Біздің одақтастарымыздың да рухы һәм қазынасы олқы түскен жоқ (сонда); **Қате – хата:** Еліктеуіміз өлшеуден шығыб бара жатса, рух сыны біздің ғана көзімізді ашыб, *хатамызды* көрсетер; **Ақиқат – хақиқат:** Адағында *хақиқат* хақтығын етді (Қ.,1917, 2 феврал, бейсенбі, №216); **Әріп – харп:** Бірінші бөліміне росша *харп* танып аз-маз оқыб жаза білетіндер, еіншісіне екі класты школ біліміне ие болғандар мұнан соң октабрдің 18 не шейін қабул етіледі (Қ.,1916, 8 октабр, сембе, №200). Міне, ғасыр басында тілімізде жұмсалған *харп* сөзі соңғы жылдары *қарып, қаріп* (қарпі, қарпімен) болып, фонетикалық жарыспалылықты тудырып жүр. Қазақ тілінің «Орфографиялық сөздігінде»: «Қаріп (*ширифт*), қарпі» түрінде (харып, харіп түрі жоқ) реестрге енгізілген [3,366-б.]. Әрине, аталған сөздіктегі *аріп* сөзі де әдеби норма ретінде танылады: «Әріп, әрпі, әріп тану, әріп теруші» [3,102-б.]. Бірақ осы сөздіктің шығарылымы туралы соңғы беттегі мәліметінде «қаріп түрі...» деп жазылған. Бұл жалғыз-жарым ғана қолданыс емес, көптеген кітаптарда кездеседі, *аріп* пен *қаріп* жарыса қолданылады. **Ақы – хақы:** Оқу *хақы* айға 8 сом (Қ.,1916,8 октабр, сембе, №200); **Әскер – ғаскер:** Жаңадан көб *ғаскер* алыб келу керек (Қ., 1915,15 октабр, бейсембе, №153); **Хазірінде – әзірінде:** Қай жағы жеңіб шығары *хазірінде* мағлұм емес (Қ., 1915,15 октабр, бейсембе, №153); **Дұшпан – дұшман:** Орынбор губернаторы генерал-лейтенант Сухомлинов: «Бұл мақала мен газет қазақ халқын көрінеу *хүкіметке* қарсы *дұшмандыққа* үндемекші» деб, төтенше жарлығы бойынша газет шығарушы А.Байтұрсыновқа 1500 сом штраф салған, төлемесе үш ай абақты бұйырған (Қ.,1916, 168); **Данышпан – данышман:** Мақалдар мен мәтелдер халықдың бір неше ғасырлық *данышмандығын* көрсетеді (Қ.,1915, №120, 18 апрел, сембе); Оң түстік халықтары айтады (ғараб, парсы, түрік һәм басқалар) айтады: Мақал тілдің көлі деб; қытайлар – бұрынғы данышмандардан қалған өсиет деб; немісдер - көше арасындағы данышмандық деб; италия халқы халық мақтабы деб; ағылшындар, прансуздар – көб көргендіктің жемісі деб; росдар – қанатты сөз, әдемі сөз деб айтады (Қ.,1915, №120); **Арабша – ғарабша:** Енді 12 айға

ғарабшадан анық қойылған 12 ат бар ма? (Қ., 1916, №172); **Ақиқат – ғақиқат:** ... бастауыш мектепте балалар ана тілінде оқуы тиістілігі, миссионерлер болмаса басқалар таласбайтын *ғақиқат* еді (Қ., 1916, №167); **Айыптау – ғайыптау:** *Ғайыптап* тұрған заман (Қ., 1914, №50); **Әзірлеу – хазірлеу:** Ұрғашыларға жеке бір үйге, еркектерге бір үйге тамақ *хазірленген* еді (Қ., 1917, 13 иануар, жұма). Мысалдардағы *даража, һәм, хукімет, шәр* және *шаһар, ғадет* т.б. сөздері қазіргі кезде тарихи мәтіндерде мақсатты түрде қолданылады. Көркем мәтіндерде де кейіпкер тілінде, өткен өмір реалийлерін таныту үшін автордың сөз саптауында жүреді. Ал көрсетілген сөздердің *хазірлеу, ғайыптау, ғақиқат, ғарабша, данышман* варианттары қолданыстан шығарылған. Бұл мысалдар араб-парсы сөздеріне, онда да тұлғасын тұтас өзгертіп, тілге сіңіп кете қоймаған сөздерге қатысты. Келтірілген мысалдар ескі жазудың ерекшелігінен және осындай сөздердің жылдар өткізіп барып, тілде бой көрсетіп отыруының себебін түсіндіріп береді және ескі сөзқолданыс туралы мәлімет жеткізеді. Аталған мақаласында М.Балақаев: «Мағыналары дәлме-дәл келетін фонетикалық, лексикалық, семантикалық және грамматикалық дублеттер мыналар: *айуан - хайуан, арам - харам, әдет - ғадет, дұшпан - дұспан, залал - зарар* [1, 8-б.] деп көрсетеді. Осы келтірілген мысалдардан «Қазақ» газетінде *ғадет* сөзі үнемі қолданылған: **Әдет - ғадет:** Бұл *ғадетді* тастау керек (Қ., 1913, №23). «Қазақ» газетінде сондай жиі қолданылған сөздің енді бірі - *зарар* сөзі. *Зарар* сөзі қазіргі әдеби тілдегі *зарарсыздану, зарар* білдіретін ауыл шаруашылығында, әлеуметтік салада жұмсалатын терминдік мәннен гөрі *залал, зиян келтіру* деген тұрмыстық мәнді сөз болып қолданылған. **Мекеме – маһкама:** Камисиа ағзалары жұмысшыларға қатысы бар *маһкамалардың* адамдары – мысалы, Торғай обласной правленийінің, темір жол управленийінің, воински нашалник кеңсесінің адамдары, Орынбордағы қазақдар мен ноғайлардан бір неше адамдар һәм қала камитетіндегілер (Қ., 1917, 13 иануар, жұма). Үнемі және газет шығып тұрған кезеңде өзгеріссіз сол күйінде қолданылған **илану – инану** сөзі: Жұртдың көбі олардың пәтуасына *инаныб*, усул жадидтен балаларын ала бастаған соң... (Қ., 1915, №153). **Әйел – ұрғашы:** Ұрғашыларға жеке бір үйге, еркектерге бір үйге тамақ хазірленген еді (Қ., 1917, 13 иануар, жұма). Ерекше жазылып кеткен сөздер: **зонғар - жоңғар:** Сөйтіб, соғысыб, *зонғарды* қуыб алған жеріне ие болыб қалған ел Қосайдар қыпшақ Тілеубердінің тұқымы (Қ., 1915, №153).

Лексикалық ерекшеліктердің енді бірі кірме сөздер мен олардың жазылуына орай қалыптасқан. Кірме сөздердің бір парасы араб-парсы сөздері және олардың кейбір фонетикалық, лексикалық варианттылықтарды тудыратыны - айтылып жүрген мәселелер. Ал бұрыннан белгілі араб-парсы сөздері қатарындағы *хкүмет, ахлам, хлаф, глам, тарфи, умт(и)* т.б. газетте жиі кездеседі. Газеттен терілген мына мысалдар жазудағы қиындықтардың көбін (кейбірі қазір де қиындық тудырады) ескі жазудың ықпалынан іздестіруге нұсқайды және газеттегі ескі сөздердің біраз екенін нақты сандық тұрғыдан болмағанмен, бағдарлауға мүмкіндік береді.

«Қазақ» газетіндегі жазылуы	«Қазақ» газетіндегі оқылуы	«Қазақ» газетіндегі жазылуы	Қазіргі кездегі жазылуы, оқылуы
мғлім	мұғалым немесе мұғалім	оғда	уағда
һм	һәм	һөнер	өнер
һш (км)	һеш (кім)	һарыз	арыз
һттә	һәттә	һәттә	кәттә, кәтте
мдрсе	медресе немесе медіресе	һүн	үн
		һәр	әр

Ғбдалле	Ғабдалла (дұрысы Ғабдолла)	хұқ	хұқ
		райыс	райыс
хбр	хабар	кент	кент

Кесте 1. «Қазақ» (1913-1918) газетіндегі сөздердің жазылуы мен оқылуы және қазіргі сөздермен салыстырмалы қолданысы.

Дауысты дыбыстардың кейде мүлде жазылмауы, сондықтан әліпбидің квазиәліпбилік ерекшелігі бары төте жазудың қолданысқа енген алғашқы кезеңінде жарық көрген газет беттерінен айқын көрінеді. Ол жөніндегі кейбір мәліметтерді А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми басылымы «Тілтаным» журналында жарияланған мақаладан білуге болады [4]. А. Байтұрсынұлы өзіне дейінгі қазақ жұртының пайдаланып, тұтынып келген араб жазуында қазақ тілі үшін қолайсыздықтардың бар екенін дәлелдеп, жазуды жетілдіріп, «дәйекшені» енгізеді. 1912 жылы алғашқы әліппесін – «Оқу құралын» [1] бастырып шығарады. Сол жылдарда осы даулы мәселеге арналған «Жазу тәртібі» (Айқап, 1912, №9-10), «Жазу мәселесі» («Қазақ», 1913, №34-35) т.б. мақалаларын жариялайды. Әрине, ескіден үзілді-кесілді бірден бас тарту, әсіресе қалыптасып қалған жазу үлгісінің бірден қолданыстан шығып кетуі қиын, жазудың санаға сіңіп қалатыны, сөздің жазылуы образ тудыратыны туралы тұжырымдар жай айтылмайды, өйткені халық арасында бұрыннан қалыптасқан жазу дағдысы сол кездің өлшемімен алғанда кең таралған еді және мысалдарға қарағанда, *медресе*, *һәм* сөздері мен адам аттарының, мысалы, Ғбдалле сияқты, негізі араб сөздері, діни лексика элементтері болуы әсер еткені байқалады. Мұндай ерекшеліктер бір-екі мысалмен бітпейді. Сонымен, ескі (шартты атау, қазіргі Қытай Халық Республикасында тұратын диаспора жазуын жаңа төте деп шартты түрде алатын болсақ – Б.М.) төте жазудағы дыбыстардың таңбалануындағы ерекшеліктер мыналар: 1. Бірінші буында және екінші буында да «а» дыбысы жазылмайды: хбр – хабар т.б.; 2. Сөз басында «ы», «і» анық естілетін сөздерде бұл дыбыстар түсіріліп жазылады: нтымақ – ынтымақ, с - іс т.б.; 3. Бір буынды сөздердегі «ы» анық естілсе де, жазылмаған: жл.; 4. Сөздің бірінші буынында анық естілетін «ы», «і» түсіріліп жазылған: қлады – қылады, жлқы – жылқы, мрза – мырза.; 5. Сөз ортасындағы «і», «ы» дыбыстары анық естілсе де түсіріліп жазылған: бөлм – бөлім, қатн - қатын, алғс – алғыс, Беркқара, орсча – орысча, жгтдер - жігіттер т.б.; 6. «І», «і» дыбыстары сөздің соңғы буынында анық естілсе де, таңбаланбаған: ұрлқ-зорлқ – ұрлық-зорлық, болс – болыс т.б.; 7. Сөздің соңындағы ы, і дыбыстары (3-жақ тәуелділікті білдіргенде) таңбаланған: мамдары – имамдары және түрлі, т.б.; 8. Бірақ қосымшалар құрамында «ы», «і» дыбыстары болса, түсіріліп жазылған: жәрдемнң – жәрдемнің, көрсетб – көрсетіб, жатр – жатыр, иеснде - иесінде т.б.; 9. Сөз басында и естілетін жерде де «и» түсіріліп жазылған: мамдары – имамдары; 10. Сөз басында «ө» естілетін сөздерде «ө» жазылмайды және сөз жіңішке айтылатын сөз болса, сөз басына дәйекше қойылады: зі - өзі; 11. Қазіргі кезде *уағда* түрінде дыбысталып, айтылатын сөздер *оғда* түрінде жазылған. «О» дыбысы сөздің бірінші буынында *отр* сынды сөздерде де жазылады; 12. Жіңішке айтылуы тиіс сөздердің алдына дәйекше қойылған, мысалы, «бр» (дәйекшемен), «брн бри», «тлі» (алдында дәйекше қойылған), «үчн» (дәйекшелі), «мсілесі» сөзінде «ы»-ның үстінде дәйекше қойылғандықтан, жіңішке болып оқылады, соңындағы «ы» да «і» болып оқылады [4, 14-22бб.]. Міне, «Қазақ» газетіндегі емлелік, грамматикалық ерекшеліктердің кейбірі осындай.

Кірме сөздердің келесі тобын құрайтын орыс тілінен енген сөздердің жазылуы жеке сөз етуге тұрады. Газет бетінде қолданылған орыс сөздері өте көп. Ондай сөздердің көбеюіне, әрине, қоғамдық-саяси өмірдің өзгеріспен қатар экономикалық жағдай әсер еткен, соған орай газетте қоғам мен әлеуметтік жағдайға арналған материалдарға ерекше көңіл бөлінген, өйткені олардың бәрі де қазақтың танымын, көзқарасын кеңейтетін материалдар. Айталық, 1913 жылғы бірнеше нөмірде жарияланған «Сырт падшалар жайынан» (№5),

«Росианың ішкі жайы» (№6), «28-нші феврал» (№4), «Қазақ жайында» (№10), «Хақ жолында» (№23), 1914 жылғы «Жарақты тыныштық» (№55), 1915 жылғы «Думада» (№144), «Европа соғысы» (№153) т.б. ондаған мақалалар орыс сөздері мен орыс тілі арқылы енген шеттілдік сөздердің үлес-салмағын көбейткен, ал орыс тілінің, шеттілдік сөздердің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері көп болатыны, жазуда қиындық тудыратыны белгілі. Сондықтан ерекшеліктерді көрсету мақсатында кірме сөздер жіктеліске түсірілді. Оның алғашқысы – орыс тілінен енген және барынша өзгеріссіз жазылған сөздер. Сөздерді сол күйі қабылдау, яғни аударма жасамау, сол күйі жазу газетте қазақ халқының әлеуметтік өмірі үшін маңызды құжаттарды жариялағанда, шамасынша аударғанда орын алған. Себебі газетті шығару жұмыстарына байланысты осындай сөздерді аударуға, өзгертуге, бейімдеуге уақыт та жете бермеген сияқты. Мысалы: *отдел - атдел: Атдел* сөзі кейбір мақалада өте жиі кездеседі, айталық, заңды түсіндіруге арналған «28-нші феврал» мақаласында *атдел* 7-8 рет кездеседі. Осы мақалада *статиа* сөзінің кездесу жиілігі одан да көп, 27-ден асады, аударылмаған. Орыс сөздерін аудару мүмкіндігі мүлде болмауы, аударуға көнбеуінің, біздіңше, бірнеше себебі бар: а) халық түсінігінде осы ұғымның болмауы; ә) қазақ танымына жат болуы; в) газетті мерзімімен шығаруға үлгіру (асығу); б) құжат дәлдігін сақтау мақсаты болуы т.б. Бірақ бұл сөздің қазіргі кезде тек аудармасы қолданылады. Яғни уақыт сөздердің қолданысына өз түзетулерін енгізген. Ал газетте сөздерді бейімдегенде, көбінесе орыс тілінің «согласование» заңдылығы ескерілмеген, мысалы, *народни судиа, воени тсензура* т.б. Соған қарамастан, газеттің публицистикалық стиль қалыптастырудағы рөлі мен ықпалының күштілігі сондай, тіпті біраз қоғамдық-саяси сөздер әлі күнге дейін «Қазақта» қалай жазылса, сол үлгісімен жазылып та, айтылып та келеді. Соның бірі – *газет* сөзі. Қазіргі кезде әбден қалыптасып кеткен «газет» сөзі басылым жарық көрген алғашқы жылы «газета» болып жазылған: *Газетамыздың* 1-нші нөмірінде айтып едік, 21-нші февралда Росиа империясын меңгерген Романов тұқымының үш жүз жылдай үзілмей падшалық еткен ұлұғ тойы болады деб (Қ., 1913, 1 март, жұма, №4). Кейінгі жылдарда, шамамен, 1915 жылдан *газет* деп жазу орныққандай көрінеді: *Газет* шығарушылар да иа өлмей, иа қолынан айрылмай *газет* шығаруын, *газетке* жазуын қоймайтыны да белгілі (Қ., 1916, 8 октебр, сембі, №200). Бірақ *газета* сөзінің біресе *газетке* ауысып, енді бірде қайта *газета* болып жазылған жарыспалылығы 1917 жылға дейін созылған: Бүгін *газетамыз* 4 жасды өткізіб 5-ке айақ басды (Қ., 1917, 2 феврал, №216). Газет шығарушылары сөз ғана емес, сөз тіркесін де (көбінесе бір ұғымды білдірсе) аудармай, орыс тілінің грамматикалық үйлесімсіз қазақыландырып жазған. Ондай сөз тіркестері молынан ұшырасады. **Сөз тіркестері:** главни оглашения, уголовни палажение, воени тсензура, арестански атделение, справителни дом, катржни работа, сылни паселенс, палитиса надзоры, народни судиа, акружной сод, крестиански нашалник, мирауай содиа, земски сайуз, войнски нашалник, облосной правление, дух крититсизма (рух сыны), атестат зрелости, т.б. **Жеке сөздер:** недоимке, палажения (кейде положение), пункт, крепст, срок, паселение (кейде поселение), аписер, обшество, губерна (губерния), телеграм, правила, морской, партия, дума, депутат, салдат, сенат, кнеге, губернатор, закон, облос, үйез, аркестр, ешелон, ушитл, музыка, роман, камисиа, десетина, план, тауар, вермишел (3-нші думаның жұмысына жылан көже (вермишел) деб ат қойылған. 3-нші дума бес жылдай халықды «жылан көжемен» сыйлады) т.б. Фонетикалық өзгеріспен аталған пән атауы: география – жағрапия, т.б., ал баламалары табылған атаулар жан тану, тән тану т.б.

Анықтауыштық қатынаста тұрып, бір ұғымды білдіретін атаулық тіркестер «Қазақ» газетінің әрі лексикалық, әрі грамматикалық ерекшелігіне жатады. Сол кез үшін жаңа құбылыс, танымның жаңа деңгейлік ұғымын атайтын атаулық тіркестердің пайда болуы ерекше құбылысқа жатады. Атаулық тіркестер екі түрлі болады: бірі – екеуі де төл сөздердің тіркесуінен жасалған: ашық хат («Қазақ»-дың 162-нші номрнда басылған «Мдрсе Ғалие» шәкіртдерінің *ашық хаты* туралы әріптесіміз «Уақыт» газетасының бетінде сөздер айтылыб

өтді (Қ., 1916, қойан, 31 иануар, №167, жексембе); сондай-ақ *уақ қарыз, ұйым дүкен, шала қазақ, тентек су, өлі бұйым* т.б. атаулық тіркестер кездеседі. Осыған ұқсас есім-етістік (тұйық рай) тіркесінен болған атауларды айтуға болады, мысалы, *ел тартуу (ел тартуудан жәлс табу)*, т.б. Екінші түрі – бірі *кірме* (араб, парсы және орыс тілінің, яки орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген) *сөздер мен төл сөздердің* тіркесуінен болған. Ал кірме сөз бен төл сөздің тіркесуінен жасалған атаулар, болмаса қазір *гибридтер* деп аталып жүрген сөздерге байланысты тілдік деректерді «Қазақ» газетінен де кездестіруге болады, олар гибрид сөздердің тарихи қалыптасуын көрсетеді. Есім төл сөз бен төл сөздің тіркесуінен жасалған атаулық тіркестер қоғамдық-саяси сөздер қатарында мол және осындай атаулық тіркестер сөзжасамның аса тиімді моделі болған: *атстафкаға чғу, әскер молайту, еуропа соғысы, нтымақ падишалар, одақ падишалар, закон жобасы, гаскери тсензура, жол расход, аулни школдар, соғыс расходы* т.б. Келтірілген мысалдар гибрид сөздердің кеніші – публицистикалық стиль болғанын да дәлелдейді.

Орыс сөздерінің ерекшеліктері орыс әліпбиіндегі дыбыстардың таңбалануына байланысты да туындап отырған, яғни фонетикалық ерекшеліктер болған, мысалы «**Ф** – **П**» дыбыстарына байланысты ерекшелік «**ф**» жазылатын жерлерде көп ретте «**п**»-ның жазылуынан байқалады. Ондай ерекшеліктер 1913 жылғы газет нөмірлерінде бар, мысалы: Осы той болады деб газеталарға жазылғаннан бері, жұртдың бәрі Росиа падишаларының қашаннан келе жатқан дәстүрі бойынша, ой қуанышына *манипес* болар деб күтіб тұр еді (Қ., 1913, 1 март, жұма, №4); Мұнан былай да ісдің бәрі шенауник қолында болыб, халық кірісбесе, бұл күйден шығар жоқ деб халық қозғалыб көтеріле бастаған соң халықды тыншайту үшін падиша тарапынан *манипесдер* шықды (Қ., 1913, 17 март, сембі, №6). Бірақ осы дыбыс-әріп алмасуы барлық жерде, барлық кірме сөздерде сақталмаған. Айталық «**ф**» әрпі орнына кірме сөздерде, оның ішінде діни ұғымды білдіретін сөздерде ауызекі тілде «**п**» айтылғанмен, жазба дәстүрінің әсері күшті болғандықтан, сөз басында «**ф**» жазылған: *фкр, файда*. Мысалы: Осы жоба Г.Думада қаралғанда қазақ жұртына *файдалы* бола ма деб, мұны жаздм Сұңқар (Қ., 152). «**Ф**» араб сөздерінің барлық позицияларында кездеседі, ал орыс сөздерінде «ов», «ев» келетін жерде «оф», «еф» деп жазылған, яғни орыс, татар фамилиялары соңында «в» жазылатын жерде «**ф**» жазылған: *Баузидоф*, т.б. Бұл үлгі қазақ тектерінің жазылуына да өзгеріс енгізген, өйткені –**ов**, –**ев**–пен келетін тектердің, мысалы, *Жұманф*, «...Қаратогай елинң қазагы Хамралдин Даүкеноф, Мұрат Төребекоф...» (Қ., 1915, №144) т.б. жазылуында көрініс табады. Кейбір кірме сөздерде «ч» жазылатын жерлерде «ш» әрпінің жазылғаны *шенауник* т.б. сөздердің жазылуынан көрінеді. Газетте сол заманның өзгерісіне сай кірме сөздер аса көп болған. Сондықтан ғалымдар аралас, таза емес, қоспасы көп деп санаған әдеби тілі бар сол кездің жаңа терминдері, орыс тілі арқылы енген еуропа сөздері, ономастикалық атаулар мен кісі есімдерінің көптігімен де ерекшеленеді. Мұның өзі А. Байтұрсынұлының реформалаған әліпбиінде кейбір орыс дыбыстарының пайда болуының элеуметтік себебінің күшті болғанын көрсетеді. «Қазақ» газетінің 1915 ж. 153-нөмірінен үзіндіге қарайық: «*Неміс дипломатдары Балғарианы өзине тартқаны мин тұрмай, грекді де битарф қалдирб отр. Гретсиа Сербианң одагы. Араларында байласқан оғдалары бар. Ол оғдасы бойнча, Сербиаға жау тисе, Гретсиа болисұу тиис*». «*Ел тартуудан жәлс табқаны үчн Франсианң сртқы с министрі Делкассе атстафкаға чқды*» (1915 ж. №153). Мәтінде *Еуропа, Англия, Росиа, Түркия, Германия, Афстриа, Стамбол, Дарданил, Мср, Қафқаз, Балқан, Балқан түбегі* т.б. мемлекет, жер атауларымен қатар *карол, немс, салдат, дипломат, министр, атстафка, афисер* сияқты лауазым атаулары, ұлт атаулары кездеседі. Бұл бір мақалада орын алған тілдік факт. Ондай мақалалар өте көп. Сондықтан «**Ф**»-ның реформаланған әліпбиге қажеттілік салдарынан енгізілгені сезіледі.

Ц – ТС - С: «**Ц**» әрпі газетте *тс* дыбыстарының қосарлануы арқылы жазылады: 16-статиа – бұл 21-февралдан бұрын *палитсиа* надзорына шыққан адамдардың срогінің үштен бірін кеміткен (Қ., 1913, 1 март, жұма, №4). ...бірақ сол қалап алған жерінде 9 жыл *палитсиа*

надзорында болады (Қ., 1913, 1 март, жұма, №4); ...*мобилизатсия* (ғаскер жию) кезінде һәм соғыс уақытында мемлекетдің соғыс турасындағы мұқтаждарына қолайсыз пошта һәм телеграм хабарларын жұртқа шашбасқа, жаймасқа шығарған палажение (Қ., 1914, 1 март, №73). *Военная цензура* газета, журнал, кітаптар *огайри* баспа сөздер, көпке айтылатын иа оқылатын сөздер түгіл, екі адамның арасында бір-біріне жазған хаттары, телеграмдарын алып қарауға ықтиарлы (Қ., 1914, 1 март, №73). Ол оғдасы бойнча, Сербиаға жау тисе, *Гретсия* болисүү тиис (Қ., 1915 ж. №153). Ал «ц» орнына «тс» емес, тек «с» жазу сөздерді қазақ тіліне бейімдеп жазудан ғана емес, бейімдеп айтудан, сондай-ақ грамматика заңына бағындырудан соң орын алған: 17-статиа паселениеге кеткен я кететін қылмысы бар адамдардың, катржнидан ссылни *паселенец* (*поселенец* емес – Б.М.) ретіне шығарған я шығатын адамдардың 10 жылдық срогін 2 жылға шейін шегерді (Қ., 1913, 1 март, жұма, №4). Ел тартүүдан жғлс табқаны үчн *Франсианң* сртқы с министрі Делкассе атстафкаға чкды (сонда). Кейбір мысалдар «ц»-ның *тс* дыбыс тіркесімімен берілгенін, яғни әліпбиде диграф болғанын, сондай-ақ сөз соңында *ст*, *мт* сынды т.б. дауыссыз дыбыстар қатар келгенде біреуінің түсіріліп жазылғанын (*манипесдер*) көрсетеді.

«Ь» таңбасымен келетін орыс есімдерін орыс әліпбиімен, көп ретте кирилмен жазу үлгісі сақталған: *Снегировъ; жизнь русского народа въ пословицах и поговорках* т.б.; **У - в**: Газетте *волосной* сөзі 1915 жылдары (152-нөмірде) *уолосной* түрінде жазылған. «В» орнына «у» жазу *опрауитл* сияқты сөздерде де кездесті. Бірақ дәл осы күйде нормаланбағаны келесі бір нөмірлердегі (1915, №144) *волос* сөзінің орыстiлдiк нұсқасымен жазылуынан байқалады: «Ұчител Кмалалдин Арнфазииф һм стансиа началнигi Н.В. Лүчникофдң бастауы бойнча Иаисан стансиаснда, Қаратоғай *волосинң* ортаснда потребитл дүкенi ачлды». Қазiргi қазақ тiлiнде *болыс* түрiнде қалыптасып кеткен тарихи сөздiң о бастағы жазылуы осындай күйде болған.

Қорытынды. Міне, ХХ ғасыр басындағы сөздердің қолданысы, жазылуы мен оқылуы, оның ішінде «Қазақ» газетінен тікелей өзгеріссіз алынған мысалдар, сөздер, сөз тіркестері қазіргі қазақ тілінде кейбір сөздердің, кейбір сөз тіркестерінің өзгеріспен, кейбірі мағыналық айырыммен айтылатын, жазылатын күйге қалай жеткенін білдіреді. Ал әдеби тілге жат саналатын жарыспалылықтың, онда да аталған тілдік бірліктердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жарыспалылықпен әлі күнге дейін қолданыс тауып жатуының себептерін жазба мұралардан іздестіру керектігін білдіреді және оны фактілермен дәлелдеуге болатынын көрсетеді.

Мақала ҚР БжҒМ 2021-2023 жж. арнап жариялаған байқауда жеңіп алған ғылыми жоба бойынша жарияланып отыр.

Жоба тақырыбының атауы: *Жазба мұра және мәтінталдау: ХХ ғ. басы публицистикасындағы орфограмма, сөзжасам мен көркем мәтін лингвопоэтикасы.*

Наименование темы проекта: *Письменное наследие и анализ текста: орфограмма, словообразование публицистики начала ХХ века и лингвопоэтика художественного текста (2021-2023 гг.)*

Project title: *Written heritage and analysis of the text: spelling, word formation of publicistic writing of the early 20th century and linguistic poetics of the artistic text.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев, М. *Баспасөздің тіл мәдениеті туралы// Тіл мәдениеті және баспасөз. Ғылыми жинақ. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1968.*
2. Байтұрсынов А. *Оқу құралы /усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифа/. I-ші кітап. - Орынбор, 1912, 40-б.*
3. *Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. - Алматы, 2013, 366-б.*

4. Момынова, Б. «Қазақ» газетіндегі жазу мен емле // «Тілтаным» журналы. – Алматы, 2020, №3.- 14-22 бб.
Қысқарту: Қ.- «Қазақ» газеті (1913-1918жж.).

References:

1. Balaqayev, M. *Baspasozdin til madenieti tyraly// Til madenieti jane baspasoz. Gylymi jinaq.* – Алматы: «Gylym» baspasy, 1968.
2. Baitursynov A. *Oqy quraly /ysyl sotte joly men tartip etilgen qazaqsha alifa/. I-shi kitap.* - Orynbor, 1912, 40-b.
3. *Qazaq tilinin orfografialyq sozdigi.* - Алматы, 2013, 366-b.
4. Момынова, Б. «Қазақ» газетіндегі жазу мен емле // «Тілтаным» журналы. – Алматы, 2020, №3.- 14-22 бб.
Қысқарту: Қ.- «Қазақ» газеті (1913-1918жж.).

МРНТИ 3.37.373

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.03>

*Чжан Е.Е.,¹ Козлова А.Л.²

^{1,2}Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан

¹кандидат педагогических наук, elena_zhang@mail.ru

²магистр педагогики, akuk09@mail.ru

КЛЮЧЕВЫЕ АСПЕКТЫ ОЦЕНИВАНИЯ В РАМКАХ ИНТЕГРИРОВАННОГО УРОКА

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы оценивания школьных предметов в рамках полиязычной обучающей среды. Авторы анализируют особенности оценивания успеваемости обучающихся в условиях предметно-языковых интегрированных уроков в зависимости от их типа. Отмечается важность определения цели, с которой осуществляется оценивание, а также критериев результатов обучения, коммуникативных навыков. Описаны суммативное и формативное виды оценивания для интегрированных уроков, когда имеет место оценивание предмета на иностранном языке, представлены образцы критериев с использованием утверждений «может сделать». Отмечается важность обратной связи, построения диалога с учащимися об их успехах и достижениях, необходимость обучать учащихся самооценке.

Ключевые слова: интегрированный урок, критерии оценки, суммативное оценивание, формативное оценивание, результаты оценивания, рефлексия

*Чжан Е.Е.,¹ Козлова А.Л.²

^{1,2}Сарсен Аманжолов Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен, Қазақстан

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, elena_zhang@mail.ru

²педагогика ғылымдарының магистрі, akuk09@mail.ru